

**«Ақмола облысы білім басқармасының Атбасар ауданы бойынша білім бөлімі  
Атбасар қаласының № 7 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ**



**Бекітемін**  
**Мектеп директоры:**  
**Н.Алкенова**

**2023/2024 оқу жылы**  
**“Жас құтқарушылар” үйірмесінің**  
**жұмыс жоспары**

**Үйірме жетекшісі: Бугабай Ақжол**

**2023- 2024ж**  
**Атбасар қаласы**

**«ЖАС ҚҰТҚАРУШЫ» ҮЙІРМЕСІНІҢ  
ЖОСПАРЫ**

<b>№</b>	<b>Іс-шаралар</b>	<b>Сабақтар түрі</b>	<b>Өткізілетін уақыт</b>	<b>Жауапты</b>
1	Жолда жүру ережесімен таныстыру. ТЖ байланысты жаттығулар	Лекция	Қыркүйек	Бугабай А.
2	Табиғи апаттар, олардың туындау себептері мен салдары. Табиғи апаттар кезіндегі адамдардың іс-қимыл тәртібі	Лекция	Қазан	Бугабай А.
3	Әр түрлі ТЖ кезінде адамның тірі қалуының негіздері және әдістері.	Әңгіме	Қараша	Бугабай А.
4	Оқушыларды мектептің эвакуациялау жоспарымен таныстыру. Мектеп ғимаратынан оқушыларды эвакуациялау тәртібі.	Практика	Желтоқсан	Бугабай А.
5	Күнделікті өмірде туындаған әр түрлі жағдайлар кезінде алғашқы дәрігерлік көмек көрсету. Құтқарушының алғашқы дәрігерлік көмек көрсету құралдары.	Лекция	Ақпан	Бугабай А.
6	Тұрмыстық сипаттағы төтенше жағдайлар және тұрмыстық сипаттағы ТЖ кезіндегі адамдардың іс-қимыл тәртібі.	Лекция	Наурыз	Бугабай А.

7	Дене даярлығы дайындығы. Жалпыдене даярлығы.	Практика	Сәуір	Бугабай А
8	Жергілікті жерде бағдарлану әдістері.	Лекция	Мамыр	Бугабай А.

*Пайдаланылған әдебиеттер:*

1. Э.И.Крупицкий «Слесарь ісі.»;
2. Связь трудового обучения с основами наук
3. Интернет ресурс;

**«ЖАС ҚҰТҚАРУШЫ»  
үйірмесі құрамы**

<b>№ р/с</b>	<b>Оқушылардың аты-жөні</b>	<b>Сынып</b>
1	Солдат Ислам	10 «а»
2	Қалымсейт Айдос	10 «а»
3	Кенес Заңғар	10 «а»
4	Байбосинов Аңсар	10 «а»
5	Бисаримов Қуат	10 «а»
6	Барақбаев Мақсат	10 «ә»
7	Қалымсейт Айбек	10 «ә»
8	Жанмурзин Нуржан	11 «а»
9	Демесинов Алишер	11 «а»
10	Кайролла Алдияр	11 «а»



### **ТЖ байланысты жаттығулар.**

2023 жылдың 28 қыркүйек күні сағат 12:00 де мектебімізде төтенше жағдайларға қатысты арнайы жаттығулар өтті.

Басты мақсаты – қызметкерлер мен оқушылардың өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету, төтенше жағдай туындаған кезде мектеп оқушылары мен мұғалімдерін шұғыл жағдайда көшіру дағдыларын пысықтау.

Ол үшін арнайы дабыл қағылып, оқушылар мектеп ғимаратынан қауіпсіз жерге эвакуацияланады. Оқушыларға, ұстаздарға, мектептің кіші қызметкерлеріне төтенше жағдай кезінде өздерін қалай ұстау керектігі, өрт сөндіруші құралды пайдалану жолдары туралы толық мәлімет берілді.



*Үйірме жетекшісі: Бугабай Акжол*



## **Сабақ тақырыбы:**

Табиғи апаттар, олардың туындау себептері мен салдары. Табиғи апаттар кезіндегі адамдардың іс-қимыл тәртібі.

**Өткізілетін айы:**Қазан

**Сабақ форматы:** Лекция

**Мақсаты:** . Табиғи сипаттағы төтенше жағдай болғанда адамдардың іс-әрекетін пысықтау.

**Экологиялық апат** — табиғат пен қоғам арасындағы тепе-теңдіктің күйреуі. Экологиялық апат кезінде төтенше жағдайлар туып, табиғи экожүйелер мен әлеуметтік жағдайлар күрт өзгереді, жалпы тіршілікке, соның ішінде адамның қалыпты өмір сүруіне қауіпті жағдай төнеді.

Табиғат әрдайым құбылмалы қозғалыс үстінде, сондықтан да апаттардың болып тұрары сөссіз. Алайда табиғи апаттардың кесірінен адамдарға көптеген қиындықтарға төтеп беру керек болады. Себебі табиғат апатының алдын алып, болжап, тосқауылдану өте қиын.



**Табиғи апат – табиғат құбылысының өзгеруіне байланысты пайда болатын апаттар. Бұл апаттар табиғат аясында өздігінен пайда болады.**

Табиғи апаттардың орын алуы, қоршаған ортамызға көптеген зардаптар әкелді. Табиғи апаттардың түрлері көп, мәселен, жер сілкінісі, су тасқыны, сел немесе өрт пен боран. Табиғи апаттардың кенеттен пайда болуы, адамдарды үрейге салады. Табиғат апаттың қоршаған деген кері әсері орасан зор. Дәлелге әлемде ең көп болып тұратын табиғи апаттың бірі жел сілкінісін алсақ болады. Жер сілкінісі – жер астының дүмпілдеуінен пайда болатын жер бетіндегі қатты сілкініс. Жер сілкінісі кезінде жердің беті қатты дірілдеп, жер жыртылуына немесе жер бетіндегі алып ғимараттардың құлауына әкеліп соғады. Сонымен қатар табиғи апат кездерінде тіршілік иелері, адам немесе жан-жануардың жойылуы әбден мүмкін. Солайша табиғи апат жер бетінде тіршілік етіп жатқан адамзаттың өміріне аса үлкен зақым әкеледі.

Оған себеп - адамдар табиғаттың тілін ұға білмейді және табиғи апат кез-келген сәтте, кез-келген жерде пайда болуы мүмкін. Ал табиғи апат болар алдында, оның ешқандай белгілері болмайды. Бұндай белгісіз оқиға аяқ-асты, адамдардың хабарынсыз орын алады. Табиғат жаратылысының құрылымын білгенімен, бұл табиғат апатының алдың аласың дегенді білдірмейді. Сондықтан да адамдарға табиғат апатының алдын алу, мүмкін болмастай қиын. Ешқандай белгісіз, үнсіз кенет болатын апатты ешкім де болжай білмейді.

Қорытындылай келе, табиғи апаттардан қорғану адамдар үшін қиын болып табылады. Табиғат жаратылысының өзгерісінен пайда болған

апаттардың қашан болатыны - әрбір адам үшін жұмбақ. Солай десе де, болашақта жаратылыстың қаһарына төтеп берердей мықты күш пен техниканың боларына үмітіміз зор.



*Үйірме жетекшісі: Бугабай Акжол*



### Сабақ тақырыбы:

Әр түрлі ТЖ кезінде адамның тірі қалуының негіздері және әдістері

Өткізілетін айы: Қараша

Сабақ форматы: Әңгіме

**Мақсаты:** Табиғи сипаттағы ТЖ туралы теориялық білімді бекіту және олар туындағанда халықтың іс-қимылы үлгілерін зерделеу.

**Төтенше жағдай** - мемлекетке төнген түрлі қауіпке байланысты елбасы немесе парламент жариялайтын уақытша режим. Ол табиғат апаты, соғыс қаупі, техногендік апат, халық ішіндегі толқу, т.б. жағдайларда жарияланады. Мұндай уақытта азаматтардың құқықтары мен бостандықтары саналы түрде шектеледі, бейбіт кездегі заңдар күшін тоқтатып, төтенше заңдар шығарылады. Төтенше жағдай жариялай отырып мемлекет басшысы өзіне көптеген абсолютті өкілдіктер алады. Түрлі мемлекеттік органдар өз қызметтерін өзгертеді. Олар жаңа заңдық кеңістікте қатаң тәртіпке бағына отырып қызмет жасауға мәжбүр болады. Төтенше жағдай жариялау уақыты, мерзімі, сол кездегі билікке берілетін өкілеттіктер дәрежесі ел Конституциясында анықталады.<sup>11</sup> Төтенше жағдай - адамдардың қаза табуына әкеліп соққан немесе әкеліп соғуы мүмкін, олардың денсаулығына, қоршаған ортаға және шаруашылық жүргізуші объектілерге нұқсан келтірген немесе келтіруі мүмкін, халықты едәуір дәрежеде материалдық шығындарға ұшыратып, тіршілік жағдайын бұзған немесе бұзуы мүмкін авария, зілзала немесе апат салдарынан белгілі бір аумақта туындаған жағдай. Төтенше жағдай пайда болу себептеріне қарай табиғи сипаттағы және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларға бөлінеді.

Тіршілік	қауіпсіздігі	негіздері	міндеттері:
Халықты бейбіт және соғыс кездеріндегі төтенше жағдайлардан қорғана білу	әдістерін	және зардабын жоюға	үйрету;
Зардап шеккен адамдарды құтқару және басқа да шұғыл жұмыстарды ұйымдастыру	негіздерімен		таныстыру;
Адамдарды өмір сүру ортасындағы қауіпсіздік шараларын сақтауға қалыптастыру;			
Зақымдану ошақтарын сипаттай білуді			үйрету;
Жарақаттанулар мен қауіпті жұқпалы аурулардың алдын-ала білу мен алғашқы дәрігерлік көмек көрсетуді			үйрету;
Төтенше жағдайларда халықты қорғау әдістерін			меңгерту.
Тұрғындарға моральды-психологиялық көмектің			маңызы:



Адамның рухани дүниесін жетілдіреді;  
Адамның өмірге деген құштарлығын оятады;  
Әрбір адамның өзіне деген сенімін жоғарылатады;  
Шоктық жағдайға ұшырамауына септігін тигізеді.  
Тұрғындарға моральды-психологиялық көмектің міндеттері:  
Төтенше жағдай орын алған жерде жағдайдың ушығуына жол бермеу;  
Халықты сабырлыққа шақыру;  
Қандай жағдай болмасын адамдарға барынша қолдау көрсету;  
Барлығы өз орындарына келетініне зардап шегушілерді сендіру;  
Шоктық жағдайды болдырмауға тырысу.



*Үйірме жетекшісі: Бугабай Акжол*

**Сабақ тақырыбы:**

Оқушыларды мектептің эвакуациялау жоспарымен таныстыру.  
Мектеп ғимаратынан оқушыларды эвакуациялау тәртібі.

**Өткізілетін айы Желтоқсан**

**Сабақ форматы:** практикалық

**Мақсаты:** өрт және төтенше жағдайлар кезінде адамдарды мектеп ғимаратынан эвакуациялау дағдыларын жетілдіру

Оқушыларды мектептің эвакуациялау жоспарымен таныстыру. Мектеп ғимаратынан оқушыларды эвакуациялау тәртібі" тақырыбында практикалық сабақ өткізілді.



*Үйірме жетекшісі: Бугабай Ақжол*